



FTAMP 15.81.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-153-4-221-240>

Болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін дамытудың аксиологиялық негіздері

Л.Т. Омарова*¹, Р.Т. Игенбаева², Б.Ж. Бекжанова³, Б. Баймуханбетов⁴

^{1,2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

⁴Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: *¹lazzat-79@bk.ru, ²Irt_2208@mail.ru, ³bekzhanova77@mail.ru,
⁴bagdat.baimukhanbetov@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қоғамдағы жаһандану мен мәдени әртүрлілік жағдайында болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін дамыту мәселесі қарастырылады. Бұл мәдениет – мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Авторлар толеранттылықтың білім беру жүйесінде ерекше рөл атқаратынын, оның педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас мәдениетін арттыруға ықпал ететінін атап өтеді. Зерттеу барысында толеранттылық ұғымы аксиологиялық тұрғыдан талданып, оның болашақ педагогтың құндылықтық бағдарлар жүйесінде алатын орны анықталады. Сонымен қатар, толеранттылық мәдениеті кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Авторлар толеранттылықтың тек төзімділік емес, басқа мәдениет пен көзқарасты түсіну мен құрметтеу қабілеті екенін алға тартады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде тұлғалық-бағдарлы, гуманистік және аксиологиялық тәсілдер алынған. Эмпирикалық бөлімде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері арасында жүргізілген эксперимент нәтижелері келтірілген. Зерттеу шеңберінде қатысушылардың толеранттылық деңгейін анықтау үшін бірнеше психодиагностикалық әдістемелер кешені қолданылды. Диагностикалық құралдар ретінде Н.А. Болтянова мен О.А. Соловьева әдістемелері қолданылып, алынған деректер SPSS бағдарламасы арқылы өңделген. Нәтижелер болашақ мұғалімдердің басым бөлігінде толеранттылық деңгейі жеткілікті дамымағанын көрсетті. Мақалада болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттар айқындалып, бұл үдерісті мақсатты ұйымдастырудың маңыздылығы негізделді.

Түйін сөздер: болашақ педагог, толеранттылық мәдениеті, аксиологиялық тәсіл, құндылық, педагогикалық шарттар, тұлғалық даму

Түсті: 14.10.2025; Мақұлданды: 15.12.2025; Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Қазіргі заманғы қоғамдағы жаһандану, мәдени әртүрлілік пен әлеуметтік өзгерістер жағдайында болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін дамыту білім беру жүйесінің басты міндеттерінің біріне айналуда. Бұл талаптар жас ұрпақтың бойында ұлтаралық, конфессиялық, әлеуметтік айырмашылықтарды қабылдай білуге, басқа адамның құндылықтық көзқарасына сыйластықпен қарауға үйрететін педагог тұлғасын қалыптастыруды қажет етеді.

Педагогикалық әрекетке дайындық барысында болашақ мұғалімнің толеранттылық деңгейі – оның кәсіби құзыреттілігі мен адамгершілік кемелдігінің көрсеткіші ретінде маңызды. Толеранттылық мәдениеті – бұл жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға, өзара түсіністікке ұмтылуынан көрініс табатын құндылықтық бағдарлар жүйесі.

Толеранттылық – бұл тек басқа көзқарастарға төзімді болу ғана емес, бұл – басқа адамның ерекшеліктерін түсіну, қабылдау және құрметтеу. Әсіресе көпұлтты және көп-конфессиялы ортада жұмыс істейтін педагог үшін толеранттылық кәсіби этиканың маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Бұл сапа – білім алушылардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, оларға білім беруде, өзара қарым-қатынас орнатуда негізгі қағида болуы тиіс.

Аксиологиялық тұғыр – толеранттылықты тұлғаның құндылықтық бағдарларымен, дүниетанымымен және моральдық санасымен байланыстыра отырып қарастыратын тұжырымдамалық негіз. Болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін осы тұрғыдан қалыптастыру олардың кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оларды қоғамдық келісім мен өзара құрмет идеясын алға жылжытуда белсенді субъектілерге айналдырады.

Толеранттылық феноменін аксиологиялық тұрғыда қарастыру оны қалыптастырудың іргелі негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Аксиологиялық тәсіл адамның тұлғалық дамуындағы құндылықтардың шешуші рөлін көрсетіп, педагогикалық процесте оқытушы мен білім алушы арасындағы мәдени және этикалық диалогты ұйымдастырудың негізі бола алады.

Зерттеулер көрсеткендей, болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін дамыту үшін арнайы психологиялық-педагогикалық жағдайлар қажет: оқыту мазмұнының құндылықтық бағытталуы, толерантты қарым-қатынас ортасын құру, интерактивті әдістер мен рефлексияға негізделген оқыту технологияларын қолдану және жеке тұлғалық маңыздылықты арттыру.

Зерттеу жұмысының мақсаты: болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін аксиологиялық тұрғыда дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыда негіздеу және сипаттау. Айқындалған мақсаттан туындаған міндеттерге «толеранттылық мәдениет» ұғымының мәнін және болашақ педагогтардың кәсіби дамуындағы орнын айқындау; аксиологиялық тәсілдің педагогикалық негіздерін сипаттау; психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін анықтап, олардың тиімділігін көрсету қойылды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық бағытына сәйкес, әдіснамалық негіз ретінде болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін аксиологиялық тұрғыда дамытуға ықпал ететін

психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау көзделді. Зерттеу барысында гуманистік педагогика, тұлғалық-бағдарлы және аксиологиялық тәсілдер басшылыққа алынды.

Толеранттылық ұғымының мазмұндық-ұғымдық аясын ашу үшін философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттер сарапталды. М.Сейдина, Ж.Бекбаева, Ж. Махамбетова зерттеулерінде жаһандану үдерісінің аясында толеранттылық құндылығының өзектілігі және болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттық ұстанымының орны жан-жақты қарастырылады. Зерттеу авторларының пайымдауынша, толеранттық көзқарас болашақ мұғалімдердің дербес ой қорыту қабілеттерін жетілдіруге, ақпаратты талдау мен бағалау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, толеранттылық тәсілі кәсіби этиканың маңызды компоненті ретінде сипатталып, оның негізгі қырлары – ашықтық, түрлі мәдени және пікір алуандығына бейімділік, эмпатия, жауапкершілік және гуманизм секілді қасиеттер негізінде сипатталады.

Мақалада Web of Science пен Scopus базаларында жарық көрген ғылыми еңбектерді төрт негізгі бағыт бойынша саралау ұсынылады: 1) даралықты сыйлау; 2) көптүрлілікке құрметпен қарау; 3) тыңдай білу және конструктивті диалог жүргізу; 4) сынға ашықтық пен келісімге келу қабілеті. Сонымен бірге, толеранттылық пен сыни ойлауға байланысты материалдар мазмұнына қарай мынадай жеті санатқа топтастырылады: ғылыми мақалалар, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар, нормативтік құжаттар мен халықаралық актілер, психологиялық тренингтер, тәжірибелік жаттығулар мен кейстер, бейнеқұралдар мен дәрістер, анықтамалық-цифрлық ресурстар (Сейдина, Бекбаева және Махамбетова, 2025).

Қазіргі кезеңдегі жаһандану үдерісі, рухани дағдарыс және ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жағдайында толеранттылық құндылығы адамзат қоғамының тұрақтылығын сақтаудың негізгі шарттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Бұл бағытта Қ.А. Затов, Ш.С. Рысбекова және Қ.М. Борбасованың ғылыми еңбегі – толеранттылықты мәдени және рухани құндылық ретінде бағалаудың теориялық негізін айқындайды (Затов, Рысбекова және Борбасова, 2014).

Авторлардың пікірінше, қазіргі қоғамда тұтынушылық бағдардың басымдық алуы адамдар арасындағы рухани үйлесімділікті бұзып, табиғат пен адамның арақатынасына қауіп төндіруде. Бұл жағдай адам бойындағы инстинктивті, бейсаналық реакцияларды қоздырып, рухани құлдырауға әкелуі мүмкін. Мұндай құлдырауға қарсы тұрудың басты тетігі – адамның мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуы. Осы орайда, әл-Фарабидің «мәдениетті жан» ұстанымы – адамның өз әрекеттерін ішкі ұстанымдар мен құндылықтар арқылы реттеуі қажеттігін алға тартады.

Авторлар адамзат қауымдастығының өзара тіршілігі барысында жалпы қабылданған қоғамдық ережелер мен нормаларды қалыптастыруы – мәдениеттегі толеранттылық ұстанымының қалыптасуына алғышарт болды деп көрсетеді. Олар Гоббстың «баршаның баршаға қарсы күресі» идеясын адамзаттың даму жолындағы тарихи кедергі ретінде сипаттай отырып, толеранттылықты өмір сүрудің тұрақты негізі ретінде бағалайды.

Мақалада толеранттылық ұғымының түрлі тілдік және мәдени контекстерде қалай ұғынылатыны нақты салыстырулармен берілген. Мысалы, ағылшын тілінде бұл ұғым «өзгеге төзімді болу мен қабылдауға дайын болу» мағынасында қолданылса, француз тіліндегі түсінікте ол — өзгелердің еркіндігін, ойлау стилін, көзқарасы мен сенімін

құрметтеуді білдіреді. Шығыс мәдениетінде бұл ұғым адамгершілік, мейірімділік, кешірімділік, және рухани парасаттылықпен тығыз байланысты. Авторлар қазақ қоғамының тарихына үңіле отырып, толеранттылықтың қазақ менталитетіне де тән мінез үлгілерімен ұштасатынын атап өтеді. Бұл – толеранттылықтың ұлттық мәдени кодпен сәйкестігін дәлелдейді.

Зерттеушілер толеранттылықты сабырлық пен ұстамдылыққа жақын психологиялық күй ретінде түсіндіреді. Сабырлы болу – тек сыртқы кедергілерге қарсы тұру емес, сонымен қатар өзге адамның дүниетанымына, құндылықтарына түсіністікпен қарау қабілеті. Бұл – болашақ педагог тұлғасына тән маңызды сапалардың бірі. Себебі педагог кәсіби әрекетінде түрлі мінез, наным, және мәдени ерекшеліктерге ие балалармен жұмыс істейді. Сондықтан толеранттылық – педагогикалық қарым-қатынастың іргетасы ретінде танылуы қажет.

Авторлар толеранттылықты шексіз еркіндікке жол ашатын ұстаным деп түсінбеуге шақырады. Керісінше, бұл ұғым екі тараптың да жауапкершілігін талап ететін, белгілі бір моральдық-этикалық шеңберде жүзеге асатын ұстаным ретінде сипатталады. Бұл көзқарас толеранттылықты мәдениетпен және әдеппен сабақтастыру арқылы, оны тек әлеуметтік-психологиялық қабілет ретінде ғана емес, қоғамдық мінез-құлықтың нормативті үлгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мақалада толеранттылықтың бүгінгі Қазақстан қоғамында саяси, мәдени, және білім беру салаларында маңызды әлеуметтік құндылық ретінде орнығуы қажеттілігі нақты айқындалған. Бұл жерде авторлар бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесін осы құндылықты сіңірудің негізгі институттары ретінде қарастырады (Затов, Рысбекова және Борбасова, 2014). Демек, толеранттылық тек жеке қасиет емес, ол – қоғамдық сананы қалыптастыратын маңызды фактор.

Қазіргі қоғамда толеранттылық құндылығы әлеуметтік тұрақтылық пен мәдениетаралық үйлесімділіктің негізі ретінде маңызды рөлге ие. Толеранттылықтың мәні адамның табиғи инстинктерін тежей отырып, оны мәдениетті, рухани бай тұлға ретінде қалыптастырумен байланысты. Алайда біздің пікірімізше, болашақ педагогтың толеранттылық мәдениетін дамыту тек адамгершілік нормалар мен сыртқы жүріс-тұрыстық ережелерді меңгертумен шектелмейді. Бұл – тұлғаның ішкі дүниесін, құндылықтар әлемін, көзқарас пен сенім жүйесін қалыптастыру үдерісі. Сондықтан да толеранттылық мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық тұғыр, яғни құндылықтарға негізделген көзқарас басты әдіснамалық тірек болуға тиіс.

Заманауи қоғамда әлеуметтік, мәдени, этникалық және кәсіби қайшылықтардың үдеп отырғаны белгілі. Әртүрлі дүниетанымдар мен құндылықтық бағдарлардың қақтығысуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен жаһандану үдерісі адамдар арасындағы өзара түсіністік пен келісімді қиындатып, кәсіби салада тұлғалық шиеленістердің жиілеуіне себеп болуда. Мұндай жағдайларда адамның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік қарым-қатынастарды өркениетті жолмен құруға мүмкіндік беретін маңызды сапалардың бірі – толеранттылық болып табылады. Толеранттылық тек жеке тұлғаның мінез-құлықтық ерекшелігі ретінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби тиімділіктің, әлеуметтік үйлесімділіктің және тұрақты даму үдерістерінің алғышарты ретінде қарастырылуы тиіс. Әсіресе, болашақ педагогтар үшін бұл сапаның маңызы ерекше, өйткені олар әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортада әрекет ететін, құндылықтар мен көзқарастар плюрализмінде кәсіби қатынас орнататын мамандар ретінде қалыптасады.

Болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін зерттеу олардың кәсіби құндылықтарын түсінбей жүзеге аспайды. Педагогикалық толеранттылықтың аксиологиялық мазмұны, ең алдымен, құндылық бағдарлар жүйесімен анықталады. Бұл тұрғыда А. Токер Гökсе болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы негізгі адамгершілік және мәдени құндылықтарды (сыйластық, әділдік, жауапкершілік, эмпатия) тұлғалық дамудың басты өзегі ретінде қарастырады (Toker Gökse, 2021).

Зерттеуші пікірінше, болашақ мұғалімдердің құндылықтық көзқарасы мен моральдық сезімі олардың педагогикалық шешім қабылдауына, оқушылармен қатынасына және кәсіби толеранттылық деңгейіне тікелей әсер етеді. Демек, мұғалімнің толеранттылық мәдениеті тек мінез-құлық нормасы емес, ол оның рухани және кәсіби “Мен” бейнесін айқындайтын ішкі моральдық жүйе.

Осы идеялар біздің зерттеу нәтижелерімен де сәйкес келеді. Эмпирикалық деректер болашақ педагогтердің толеранттылық деңгейі көбіне құндылықтық бағдарларының айқындылығына тәуелді екенін көрсетті. Жоғары толеранттылық деңгейі бар студенттерде әділдік, адамгершілік, өзге көзқарасты құрметтеу сияқты қасиеттер жиі байқалды. Бұл факт Токер Гökсе-нің «мұғалімнің кәсіби құндылықтары мен толеранттылығы өзара себепті байланыста дамиды» деген тұжырымын нақтылай түседі (Toker Gökse, 2021).

Сондықтан болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін қалыптастыру тек әлеуметтік-психологиялық дайындықты ғана емес, аксиологиялық бағдарлауды жүйелі түрде енгізуді талап етеді. Мұндай көзқарас студенттің рухани дүниесін байытып, кәсіби қызметін адамгершілік пен келісім құндылықтарымен ұштастырады.

Бүгінгі қоғамда мәдениетаралық өзара ықпалдастық пен әлеуметтік алуандық үдерістері күшейіп отырған жағдайда болашақ педагог тұлғасының құндылықтық құрылымын қайта пайымдау қажеттілігі туындап отыр. Бұл ретте толеранттылық – педагог мамандығына тән негізгі тұлғалық сапалардың бірі ретінде алдыңғы қатарға шығады. Толеранттылықты кәсіби дағды немесе әлеуметтік бейімделу құралы ретінде ғана емес, тұлғаның ішкі моральдық және рухани болмысын айқындайтын құндылықтық бағдар ретінде қарастыру – педагогикалық білім беру мазмұнына аксиологиялық тұрғыдан келудің өзектілігін дәлелдейді. Бұл тәсілге негізделген оқу ортасы студентке өз ойын еркін білдіруге, шешім қабылдауға, жеке жауапкершілікті сезінуге және өзгеге құрметпен қарауға мүмкіндік береді. Осыған орай біз төменде скопус базасындағы бірнеше мақалаларға талдау жасаймыз. «Жеке тұлғаға бағытталған технология негізінде студенттерде толеранттылық пен гуманистік дүниетанымды қалыптастыру» (Formation of Tolerance and Humanistic Worldview in Students Based on Personality-Oriented Technology) атты мақалада осы көзқарас жүйелі түрде негізделеді (Assem және басқалар, 2013). Зерттеуде болашақ мамандардың гуманистік дүниетанымы мен толеранттылық мәдениетін дамыту тұлғаға бағдарланған оқыту арқылы жүзеге асатыны ғылыми дәлелмен көрсетіледі. Бұл тәсіл студенттің өз-өзіне, өзгеге және қоғамға деген қарым-қатынасын құндылықтық деңгейде қайта құруға ықпал етеді. Авторлар толеранттылықты тұлғаның тек мінездік ерекшелігі емес, оның мәдениет деңгейі мен аксиологиялық ұстанымдарының айғағы ретінде сипаттайды. Демек, мұндай көзқарас педагогикалық білім беруде тек кәсіби құзыреттерге емес, сонымен қатар адамгершілік-рухани тәрбиеге де басымдық беру қажеттігін алға тартады.

А. Byhar, I. Pits, I. Prokor зерттеулерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің толеранттылық қасиетін жүйелі және мақсатты қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

Бұл жұмыс "Жаңа украин мектебі" тұжырымдамасы аясында болашақ педагогтардың кәсіби-адамгершілік құндылықтарын дамыту қажеттілігіне негізделген. Авторлар толеранттылықты – көпмәдениетті қоғамда өмір сүрудің негізгі шарты ретінде қарастырады және толеранттылықты болашақ мұғалімнің азаматтық, коммуникативтік, этикалық және мәдени құзыреттіліктерімен тығыз байланыстырады. Бұл құндылық педагогикалық әрекет барысында ғана емес, оның тұлғалық болмысының ажырамас бөлігі болуы қажет.

Мақалада болашақ мұғалімнің толеранттылығын дамытуда жеке рефлексия, эмпатия, құндылықтарды салыстыра білу секілді ішкі механизмдер маңызды деп есептеледі. Бұл тәсіл толеранттылықты сыртқы мінез-құлық ережесі емес, ішкі моральдық бағдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту мазмұнына этика, мәдениетаралық коммуникация, азаматтық жауапкершілік, әртүрлілікті құрметтеу сияқты аксиологиялық категорияларды енгізу арқылы болашақ мұғалімнің толеранттылық мәдениетін қалыптастыру тиімді болатыны дәлелденген.

Зерттеу барысында университет пен мектеп тәжірибесінің арасындағы құндылықтық жалғастық маңызды рөл атқаратыны анықталған. Яғни, университеттегі теориялық дайындық мектептегі тәжірибемен құндылықтар тұрғысынан үйлесуі тиіс (Byhar, Pits және Prokor, 2020).

Мақалада қарастырылған идеялар біздің зерттеуімізге мынадай бағыттар береді: Болашақ педагогтың толеранттылық мәдениетін дамытуда азаматтық-әлеуметтік бағыт маңызды компонент ретінде қарастырылуы қажет.

Толеранттылықты қалыптастыру жеке тұлғаға бағытталған, рефлексивтік оқыту әдістері арқылы іске асуы керек. ЖОО бағдарламаларына аксиологиялық модульдер енгізу – болашақ мұғалімнің ішкі моральдық жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Толеранттылықты кәсіби сапа ретінде қалыптастыру үшін практикалық-психологиялық қолдау жүйесі маңызды.

Болашақ педагогтың толеранттылық мәдениетін дамыту – тек мінез-құлық деңгейіндегі икемділік емес, сонымен қатар құндылықтық-танымдық жүйенің тұрақтылығын қалыптастыру үдерісі. Бұл тұрғыда А. G.Büssing, H.Reich және Т. Knauth (2019) зерттеулерінде болашақ мұғалімдердің құндылықтар мен дүниетанымдық сенімдері олардың инклюзивті және толерантты педагогикалық көзқарастарына тікелей әсер ететіні анықталған. Ғалымдардың пікірінше, мұғалім тұлғасының кәсіби-толеранттылық сапаларының негізінде универсализм, әлеуметтік әділеттілік және өзгелерге құрмет көрсету сияқты құндылықтар жатады. Бұл құндылықтар болашақ педагогтың кәсіби сана құрылымында толеранттылық мәдениетінің когнитивтік және эмоционалдық компоненттерін біріктіреді.

Зерттеу нәтижелері біздің эмпирикалық мәліметтерімізбен де үндеседі: болашақ педагогтердің жоғары толеранттылық көрсеткіштері олардың құндылықтық бағдарларындағы гуманистік бағыттылықпен тығыз байланысты. Осыған орай, болашақ педагогтер даярлығында аксиологиялық бағыттылықты күшейту – тұлғаның кәсіби және рухани тұрақтылығының басты шарты болып табылады.

Толеранттылық мәдениетінің маңызды қыры – оның демократиялық және азаматтық құндылықтармен өзара байланысы. Мұғалімнің кәсіби тұлғасы тек білім беруші емес, сонымен қатар қоғамдағы мәдени және әлеуметтік келісімнің таратушысы болуға тиіс. Осы бағытта С. Тісан өз зерттеуінде болашақ мұғалімдердің толеранттылық пен демократиялық бағыттылығының өзара тәуелділігін анықтаған (Tisan, 2020).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары толеранттылық деңгейіне ие студенттер азаматтық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілік танытады, ал демократиялық көзқарастар олардың тұлғалық-психологиялық тұрақтылығын арттырады. Автор толеранттылық пен демократиялық құндылықтардың аксиологиялық өзегін ортақ деп есептейді: екеуі де өзге пікірді құрметтеу, теңдік, әділет және адам құқығын мойындауға негізделеді.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері де осы бағытпен үндес: болашақ педагогтің толеранттылық мәдениеті оның әлеуметтік қатысу белсенділігімен және құндылықтық рефлексиясымен ұштасады. Демек, болашақ мұғалімді тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген оқыту арқылы тәрбиелеу оның рухани-адамгершілік және азаматтық мәдениетін қалыптастырудың шешуші шарты болып табылады.

Көптеген зерттеушілер толерантты қарым-қатынас ұғымын бірнеше бағытта қарастырады. Бұл бағыттар ұғымның күрделілігі мен көпқырлылығын ескере отырып, оны әртүрлі әдіснамалық өлшемдерге бөлуге мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт – тұлғааралық және психологиялық қатынастарға негізделген сипаттамалар. Мұнда толеранттылық ұғымы мынадай категориялармен сипатталады: тұлғаға бағытталған, субъективті-субъективті, жеке бағытталған, объективті-субъективті, тікелей және жанама қатынас түрлері, сондай-ақ өзін-өзі басқару мен субъективті әрекеттерді игеру құбылыстары. Бұл тұрғыдан алғанда, толерантты қарым-қатынас тұлғаның өзіндік санасы мен ішкі реттеу механизмдері арқылы жүзеге асады.

Екінші бағыт – қарым-қатынас құрылымының мазмұндық және құндылықтық аспектілеріне негізделеді. Бұл көзқарас бойынша, толерантты қарым-қатынас субъектілердің жеке тәжірибесі, қарым-қатынас құндылықтары, адамгершілік ұстанымдар мен эстетикалық кеңістік арқылы айқындалады. Сондай-ақ, семантикалық мазмұн мен тұлға функцияларының өзектендірілуі маңызды рөл атқарады. Мұндай құрылым толеранттылықты тек сыртқы мінез-құлық үлгісі ретінде емес, ішкі құндылықтар мен мәдени кодтар жиынтығы ретінде қарастырады.

Үшінші бағыт – әлеуметтік-мәдени және диалогтік іс-әрекетке негізделген. Бұл жіктеу түрінде әртүрлі субмәдениет өкілдерімен өзара әрекет ету, диалог жүргізу және пікір алмасу үдерістері негізгі орын алады. Атап айтқанда, бастауыш мектеп оқушылары түрлі мәдени және әлеуметтік контекстердегі адамдармен байланыс орнату арқылы өз әлеуетін арттырып, тұлғалық дамуға қол жеткізеді. Авторлар бұл үдерісті тәрбиелік әсер ету субъектілерінің өзара әрекеттестігі ретінде бағалап, білім беру жүйесінде диалогтік тәсілді негізгі әдіс ретінде ұсынады. Яғни, «толерантты қарым-қатынас» түсінігі біржақты емес, керісінше, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени өлшемдер арқылы кешенді түрде сипатталады. Бұл модель педагогикалық үдерісте баланың жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік ортасын және құндылықтық бағдарларын есепке ала отырып, тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді (Каракулова, Султанбек және Тазабеков, 2020).

Бүгінгі таңда толеранттылық ұғымын көп жағдайда Батыс түсінігіндегі төзімділік, еркіндік, плюрализм тұрғысынан ғана пайымдау басым. Дегенмен, қазақ мәдениетінің өзегінде де толеранттылыққа негіз болатын терең дүниетанымдық бағдарлар бар. Қазақ халқы үшін толеранттылық – бұл өзгені қабылдауға мәжбүр болу емес, керісінше оған түсіністікпен, кешіріммен қарау, өзгеге жамандық жасама деген ішкі адамгершілік ұстанымнан туындайтын рухани тәртіп. Осындай көзқарас болашақ мұғалімнің кәсіби-этикалық бейнесінің негізін қалауы тиіс.

Болашақ педагогтың толеранттылық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын тағы бір аспект – ұлттық моральдық кодексті кәсіби ұстаныммен сабақтастыру. Мысалы, дәстүрлі ортада үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, жатты жатсынбау, әртүрлі көзқарас пен дінге төзімді қарау сияқты құндылықтар – толерантты дүниетанымның табиғи көріністері. Бұл феноменді заманауи педагогикалық процесте құндылықтық бағдар ретінде қайта пайымдап, арнайы тәрбиелік стратегияларға енгізу қажет. Сондай-ақ, педагогика ғылымында толеранттылық тек этностық немесе діни айырмашылықтарды елемеумен өлшенбеуі керек. Ол – қарым-қатынастағы сабырлылық, тыңдай білу мәдениеті, түсіністікке ұмтылу, және эмоциялық-рефлексиялық дайындық сияқты күрделі тұлғалық құрылым. Осыған орай, педагогикалық ЖОО-да болашақ мұғалімдерді дайындауда толеранттылықты рухани-психологиялық қабілет ретінде дамыту әдістемесі жасалуы тиіс.

Біздің зерттеу жұмысымызда Н.Р. Скребнева, И.А.Арутюнянның болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін (Скребнева мен Арутюн, 2021), М.Н. Харабаджахтың болашақ әлеуметтік педагогтердің толеранттылық мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымын (Харабаджах, 2025), Т.Н. Чекмареваның болашақ мұғалімнің жеке басының кәсіби маңызды сапасы ретінде толеранттылықты дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері (Чекмарева, 2015) негізге алынды.

Біз төменде педагогикалық ғылым саласында толеранттылық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған шетелдік диссертациялар бойынша қысқаша талдауды қамтитын кестені ұсынамыз. Мұндай жинақтау толеранттылықты тәрбиелеу және аксиологиялық негіздерді зерттеу бойынша қазіргі ғылыми ізденістердің ортақ тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

1-Кесте. Толеранттылық бойынша диссертациялар тізімі

Автор	Жыл	Тақырып
Каримова Г.Х.	2022	Формирование толерантной культуры личности учащихся в условиях социокультурного образовательного пространства
Тункина К.А.	2015	Воспитание толерантности подростков в поликультурной среде общеобразовательной организации
Касимов Р.Р.	2011	Педагогический потенциал интерактивных форм социально-культурной деятельности в воспитании этнокультурной толерантности подростков
Конколь М.М.	2020	Формирование межкультурной толерантности у будущих специалистов по связям с общественностью во внеаудиторной деятельности
Лазарева Е.С.	2019	Формирование этнической толерантности студенческой молодежи в процессе межкультурного общения
Салихова А.Б.	2022	Взаимосвязь толерантности к неопределенности с особенностями ценностно-смысловой сферы личности
Рахматуллаева Ф.И.	2013	Воспитание толерантности студентов в процессе внеаудиторной работы: на материалах вузов Республики Таджикистан
Лопухова Ю.В.	2013	Аксиолого-педагогический подход к воспитанию толерантности студентов в вузе

Ма Дюань	2023	Воспитание толерантности у студентов гуманитарных факультетов в процессе внеаудиторной работы (на материалах вузов Кыргызской Республики)
----------	------	---

Осы ғылыми тұжырымдамаларға сүйене отырып, толеранттылық ұғымын ұлттық менталитетпен байланыстыра қарастыру да маңызды. Қазақ халқының болмысына тән ең асыл қасиеттердің бірі – төзімділік пен сабырлылық. Бұл құндылықтар – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан терең мәдениет пен рухани дәстүрдің нәтижесі. Қазақстандағы толеранттылық – кездейсоқ құбылыс емес, ол ата-бабамыздан қалған мұра, ұлттық менталитеттің ажырамас бөлігі.

Толеранттылық туралы түсініктер қазақ даласында көне замандардан-ақ қалыптасқан. Уақыт өте келе бұл ұғымдар жаңа мазмұнмен толығып, бірақ түпкі мәнін жоғалтпай, заманауи қоғам талаптарына бейімделе білді. Тарихтың түрлі кезеңдерінде қазақ халқының дүниетанымында адамгершілік, кеңпейілділік, шыдамдылық пен мейірімділікке негізделген көзқарастар қалыптасып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған.

Қазақ ойшылдарының, билер мен шешендердің мұраларынан да толеранттылыққа қатысты құнды идеялар табуға болады. Қазыбек бидің әйгілі сөздері, Абайдың адамгершілікке үндеген өсиеттері, Әйтеке бидің даналық нақылдары – барлығы да қазақ қоғамындағы толеранттылық идеясының терең тамырын көрсетеді. Бұл идеяларды ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін қазіргі зерттеу жұмыстарында қолданылатын түрлі әдістер мен тәсілдерге жүгіндік. Ғылыми мақалалар мен диссертациялық еңбектерден алынған аксиологиялық тәсілге негізделген модельдер мен әдістемелер мазмұндық тұрғыдан талданды.

Әртүрлі зерттеулерде ұсынылған толеранттылықты дамыту моделдері салыстырылып, олардың құрылымы мен мазмұндық компоненттері сараланды. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық шарттар мотивациялық-аксиологиялық, когнитивтік және мінез-құлықтық-реттеушілік блоктарға бөлініп құрылымдалды.

Осы әдістерді кешенді қолдану зерттеудің ғылыми негізін қамтамасыз етті және болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін дамытуда аксиологиялық тұғырды нәтижелі пайдалануға мүмкіндік берді.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде толеранттылық мәдениеті педагогикалық категория ретінде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі қоғамның жаһандануы, мәдени көптүрліліктің артуы, әлеуметтік-психологиялық шиеленістердің жиілеуі жағдайында болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби болмысында толеранттылықтың алатын орны мен маңыздылығы арта түсуде. Бұл ұғым педагогикалық әдебиеттерде тек тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуші фактор ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру мазмұнын гуманистік және аксиологиялық тұрғыдан байытуға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық іргетас ретінде қарастырылып келеді.

Заманауи қоғамда әлеуметтік шындық – мәдениетаралық ықпалдастықтың тереңдеуі, жаһандану мен ақпараттық ашықтық дәуірінде өмір сүру – жеке тұлғаның, әсіресе педагог маманының әлемге, өзгеге, өз болмысына қатысты қатынасын қайта қарауды талап етеді. Бұл жағдайда толеранттылық тек этикалық ұстаным немесе мінез-құлық формасы ғана емес, әлеуметтік бейбіт өмір мен кәсіби бәсекеге қабілеттіліктің алғышартына айналады.

Толеранттылық туралы түсініктер қазақ даласында көне замандардан-ақ қалыптасқан. Уақыт өте келе бұл ұғымдар жаңа мазмұнмен толығып, бірақ түпкі мәнін жоғалтпай, заманауи қоғам талаптарына бейімделе білді. Тарихтың түрлі кезеңдерінде қазақ халқының дүниетанымында адамгершілік, кеңпейілділік, шыдамдылық пен мейірімділікке негізделген көзқарастар қалыптасып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған.

Бұған қазақ ойшылдарының, билер мен шешендердің мұраларынан айқын дәлел келтіруге болады. Мәселен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дала данышпандары өз шешімдері мен нақылдарында әділдік пен сабырлыққа, кешірім мен бірлікке үндеген. Ал Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты ағартушылар мен зиялылар адамгершілік пен ізгілікті, шынайылық пен толеранттылықты тәрбиенің негізі деп білді.

Қазіргі кезеңде жастардың санасында ұлттық мәдениетке және дәстүрлі рухани құндылықтарға жат моральдық бағдарлардың белсенді түрде қалыптасып жатқаны байқалады. Жастардың бір бөлігіне ұлттық санаға қайшы келетін кері бағыттағы әлеуметтік құбылыстардың (ұлтшылдық, зорлық-зомбылық, есірткі, қылмыс және т.б.) әсер ету деңгейі күшейген. Мұндай жағымсыз көріністердің туындау себептері ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік-философиялық тұрғыдан әлсіз ықпалы, отбасындағы және оқу орындарындағы тәрбиенің формалды сипаты көрсетіледі.

Осы жағдайдан шығудың маңызды жолдарының бірі – жастармен, әсіресе болашақ педагогтермен мақсатты, құндылыққа бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Бұл ретте ұлттық мәдениеттер мен халықтық дәстүрлерді дәріптейтін, толеранттылық қағидаттарын насихаттайтын, этномәдени құндылықтарды өзектендіретін іс-шараларды жүйелі түрде өткізу өзекті болып отыр.

Біздің зерттеуімізде толеранттылық ұғымы – ымыраға келу, көз жұма қарау немесе бейтараптық емес, қайта ол - адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын мойындауға негізделетін белсенді азаматтық көзқарас деп қарастырылады. Толеранттылық – бұл өз мүмкіндігіне сенетін, ақыл-парасаты мен ерік-жігеріне арқа сүйейтін тұлғаның сапасы. Ол түрлі пікірлер мен ұстанымдар арқылы ақиқатқа ұмтылуды көздейтін парасатты көзқарасқа негізделеді.

Осы тұрғыдан алғанда, жастардың ішіндегі ең белсенді, ұйымдасқан және интеллектуалдық әлеуеті жоғары топ – студент жастар болып табылады. Сондықтан болашақ педагогтерді толеранттылық мәдениетіне тәрбиелеу барысында олардың осы әлеуетін тиімді пайдалану және аксиологиялық тұғыр негізінде жүйелі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекше мәнге ие.

Зерттеуде болашақ педагогтардың кәсіби тұлғасында көрініс табуы тиіс басты құндылықтар ретінде мейірімділік, ізгілік, сенім, азаматтық борыш, жауапкершілік, еркіндік, ар-ождан, толеранттылық, еңбекқорлық және т.б. рухани-адамгершілік ұстанымдар аталады. Бұл құндылықтар жүйесі тек жеке тұлғаның адамгершілік кемелденуіне емес, сонымен қатар оның кәсіби-педагогикалық әлеуетінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында айқындаушы эксперимент

жүргізілді. Эксперимент Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында ұйымдастырылды. Оған 2024-2025 оқу жылы білім алып жатқан 6B01303 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі және 6B01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламаларының студенттері қатысты. Жалпы зерттеу контингентін 80 студент құрады, олардың ішінен кездейсоқ таңдау әдісімен екі топ құрылды: эксперименттік топ (40 студент) және бақылау тобы (40 студент).

Болашақ педагогтардың толеранттылық деңгейін бағалау үшін Н.А. Болтянова ұсынған «Толеранттысың ба?» атты анкета пайдаланылды. Бұл әдістеме 8 сұрақтан тұрады, әрбір сұрақта респондентке екі жауап нұсқасы ұсынылады. Анкетаны толтыру барысында студенттер өз ұстанымына сәйкес келетін жауапты таңдап, белгілейді. Әдістеменің бағалау шкаласы бойынша «б» нұсқасын таңдаған әрбір жауапқа 1 балл есептеліп, нәтижесінде респонденттің толеранттылық деңгейі анықталады: 8 ұпай – жоғары, 3-7 ұпай – орташа, 0-2 ұпай – төмен деңгей болып бағаланды.

Алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау әдістерімен өңделіп, студенттердің толеранттылық деңгейі бойынша келесі көрсеткіштер алынды.

2-Кесте. Н.А. Болтянова әдістемесі бойынша болашақ педагогтердің толеранттылық деңгейі (айқындаушы эксперимент нәтижелері)

Топтар	Жоғары деңгей (%)	Орташа деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Эксперименттік топ	25,0	57,5	17,5
Бақылау тобы	22,5	60,0	17,5

1- кестеден көріп отырғанымыздай, эксперименттік топта – 25% (10 студент) жоғары деңгей, 57,5% (23 студент) орташа деңгей, 17,5% (7 студент) төмен деңгей көрсетті. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәйкесінше 22,5% (9 студент), 60% (24 студент), 17,5% (7 студент) құрады. Екі топтағы көрсеткіштердің шамаластығы студенттердің басым бөлігінде толеранттылық мәдениеті әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын айғақтайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында студенттердің белгілі бір деңгейде басқа көзқарастар мен мәдениеттерге түсіністікпен қарауға бейілділігі болғанымен, олардың ішкі құндылық бағдарлары мен тұрақты этикалық позициялары жеткілікті дәрежеде орнықтағаны байқалды.

